



ЗАЙСАН КӨЛ



Зайсан көлі - Қазақстанның көлдерінің Оңтүстік Алтайдағы көлі Шығыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан. Солтүстігінен Нарын мен Күршім, оңтүстігінен Сауыр – Тарбағатай жоталарының сілемдерімен қоршалған тектоникалық қазаншұңқырда жатыр. Көл теңіз деңгейінен 395 м биіктікте. Жағалауы жайпақ. Тектоникалық бөген көлдер типіне жатады. Зайсанға Қара Ертіс өзені құяды да, Ертіс (Ақ Ертіс) ағып шығады. Өзеннің жалғасы көл табанындағы ені 2 км, тереңдігі 10 м-ге дейін баратын ұзынша ор түрінде байқалады.

Су режимі Қара Ертіспен байланысты. Жазда таудағы қар ерігенде көл деңгейі көтеріледі. Қыста төмендейді. Су деңгейінің маусымдық ауытқуы 1 – 2,5 м. Ең төмен деңгейі сәуірдің басында байқалады. Қарашада суы қатып, сәуірде ериді. Ертістегі Бұқтырма СЭС-і салынғанға дейін көл айдынының аумағы 1788 км², ұзындығы 111 км, ені 30 км, орташа тереңд. 4 – 6 м (ең терең жері 10 м) болатын. Бөгет салынғаннан кейін көл Бұқтырма бөгеніне қосылып кетті.





Көлемі артып, жаға сызығының пішіні өзгерді. Зайсанда балықтың 23 түрі мекендейді, оның 17-сінің кәсіптік маңызы бар. Әсіресе, бекіре, ақбалық, таймень, көксерке, табан, аққайран, сазан, т.б. көптеп ауланады. Көл маңында бірнеше балық кәсіпшілігімен айналысатын ауылдар (артельдер) бар. Суына ондатр жерсіндірілген. Көл айдыны кеме қатынасына пайдаланылады. Соңғы жылдары көлге құятын Қара Ертіс өзенінің суын Қытайда шамадан тыс пайдалану салдарынан Бұқтырма бөгенінің деңгейі төмендеп, аумағы кішіреюде. Қосылатын су мөлшері бұдан әрі азая берсе, Зайсан көлі бөгеннен оқшауланып, бұрынғы табиғи қалпына қайтып оралуы мүмкін.